ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КЕАҚ		
3 деңгейдегі СМЖ құжаты	ЕРЕЖЕ	П 042-03 -2021
«Әдеп жөніндегі Кеңес ережесі»	№1 басылым "28" сәуір 2021ж.	

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ

Семей, 2021

Алғысөз

1 ӘЗІРЛЕНДІ

Әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл «06» 04 2021ж. М.Т Абдикакимов

2 КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м. а. «06» 04 2021ж А.Л. Касенов

Жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаменті директорының м. а. «06» 04 2021ж. М.С.Карибаев

Персоналды басқару және құжат айналымы бөлімінің бастығы «07» 04 2021ж С.З.Сиязбекова

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы «07» 04 2021ж С.М. Турдин

3 **БЕКІТІЛДІ**

Басқарма төрағасы-ректор «08» 04 2021ж. Б.А. Ердембеков

Әзірленді	Келісілді
Әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл М.Абдикакимов	Жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаменті директорының м. а. М.С.Карибаев

1. Жалпы ережелер

Берілген Ереже Семей қаласының Шәкәрім атындаы университеті КеАқ-ның Әдеп бойынша Кеңесінің (ары қарай Кеңес) мәртебесі мен өкілеттілігін анықтайды:

1.1 Кеңес - университет қызметкерлері мен студенттерінің арасында тәртіптік жұмыстарын қарау, жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету, білім беру саласындағы заң бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау, Университеттің ішкі тәртібі мен Жарғысын бұзудың алдын алу үшін құрылған тұрақты алқалы басқару органы.

1.2 Кеңес Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары және осы Ережеге сай өз қызметін атқарады.

1.3 Кеңес заңдылық, әділдік және әділеттілік қағидаларына жүгінеді.

2. Кеңестің мақсаты мен міндеттері

2.1 Кеңес Университет ұжымында кез–келген заң бұзушылықтарға төзімсіздік қалыптастыру негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, оның пайда болу себептері мен жағдайларын жою, қиянат ету шілікті құрту және заң бұзушылық ты түп-тамырымен жою бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында құрылады.

2.2 Кеңес міндеттері:

2.2.1 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңының Университет қызметінде жүзеге асуын қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау;

2.2.2 Университет Жарғысы мен Ішкі тәртіп ережелері бұзылуы бойынша Университет қызметкерлері мен студенттерінің өтініштерін қарастыру;

2.2.3 Құқық бұзушылыққа қарсы тұру, Университет Жарғысы мен Ішкі тәртіп ережелері бұзылуы мәселелері бойынша ЖОО ұжымының ақпараттандырылуын қамтамасыз ету;

2.2.4 Құқық бұзушылыққа қарсы тұруда және ұжымдағы кез-келген құқық бұзушылыққа деген төзімсіздікті қалыптастыруда Университет әкімшілігі және қоғамды құйымдарымен қызметтес болу;

2.2.5 Құқық бұзушылыққа қарсы тұрудың әртүрлі түрлері мен әдістерінқолдану және білім алушылардың құқықтары мен қызығушылықтарының қорғанысын қа мтамасыз ету;

2.2.6 Тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және бодырмау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар жасау;

2.2.7 Университеттегі құқық бұзушылықтарды анықтауға көмектесу және анықталған құқық бұзушылықтар бойынша тәртіпті қықпал ету шараларына баст амашылық ету.

2.2.8 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының бұзылуына қатысты іс-әрекет пен құқық бұзушылықты қарау барасында оның ауырлығы деңгейіне байланысты Кеңес осы құқық бұзушылықты келесі жоғарғы инстанция – «Шәкәрім университетінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және кәсіби этиканы сақтау жөніндегі комиссиясының» қарауына жіберуге шешім қабылдайды.

3. Кеңесті құру тәртібі

Кеңес Университет ректорының бұйрығымен құрылады. Университет ұжымының белді мүшелерінен құралатын Кеңес құрамына төраға, оның орынбасары және кеңес мүшелері кіреді.

3.1 Кеңес төрағасы:

- Осы Ережеге сәйкес Кеңесті басқарады және оның қызметін бағыттайды;
- Кеңестің жұмыс жоспарын бекітеді және оның орындалуын қадағалайды;
- Құқық бұзушылық бойынша қызметкерлермен білім алушылардың өтініштерінің уақтылы қаралуын қамтамасыз етеді;
- Анықталған құқық бұзушылық бойынша тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану туралы Университет ректорына уақтылы ұсыныстар жасайды;
- Ай сайын Университет ректорына Кеңестің жасаған жұмысы бойынша есеп береді;
- Тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар дайындау;

3.2 Кеңес төрағасының орынбасары:

- Кеңес төрағасы және оның орынбасары арасында бөлінген міндеттерді атқарады;
- Кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша ол болмағанда комиссия отырыстарында төрағалық етеді;
- Өз құзіреттілігінің шеңберінде Кеңес төрағасының тапсырмаларын орындайды.

3.3 Кеңес мүшелері:

- Кеңес жұмысының жоспарына ұсыныстар жасай алады;
- Кеңес жұмысына белсенді түрде қатысуға міндетті және өз міндеттерін басқа адамға жүктеуге құқықтары жоқ;

3.5.3 Осы Ереженің талаптарына бағынуға міндетті.

3.6 Кеңес хатшысы:

- Кеңеске келіп түсетін өтініштер мен ұсыныстарды есептеп, тіркейді;
- Кеңес мүшелері мен басқа да тұлғаларға Кеңес отырыстарының өтетін орыны мен уақытын хабарлайды;
- Кеңес отырыстары хаттамаларын рәсімдеуді қамтамасыз етеді.

3.7. Кеңес құқылы:

- Құрылымдық бөлім жетекшілерінен қажетті материалдар мен ақпарат сұратуға және алуға;
- Кеңес отырыстарына Университет әкімшілігінің өкілдерін, декандарын, кафедра меңгерушілерін, профессорлық- оқытушылық құрамын, оқу –қосымша қызметкерлері мен студенттерін шақыру және тыңдауға.

4. Кеңес жұмысының ұйымдастырылуы және тәртібі

4.1 Кеңес жұмысын төраға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес атқарады;

4.2 Кеңес отырысы айына 1 рет өтеді;

4.3 Кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екі бөлігі қатысқан комиссия отырыстары заңды болып саналады. Дауыстар саны тең болған жағдайда төраға дауысы шешуші болып табылады.

4.4 Кеңес тәртіптік істі іс түскеннен кейінгі 10 күндік мерзімде қарастырады.

Әзірленді	Келісілді
Әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл _____М.Абдикакимов	Жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер департаменті директорының м. а. _____ М.С.Карибаев